



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

В отношении поддержки со стороны государства:

- отсутствие гарантии получения частным партнером от соответствующих органов разрешительных документов и согласований, необходимых для выполнения условий договора. Нередки случаи, когда согласовательные-разрешительные процедуры затягиваются на долгий срок;

- несовершенный механизм защиты прав частных партнеров;

- наличие высокого уровня коррупции в органах власти.

Несмотря на отмеченные несовершенства действующего законодательства, Казахстаном был пройден 2 этап строительства государственного-частного партнерства и видятся перспективы дальнейшего взаимовыгодного сотрудничества «бизнеса» и государства.

Список литературы:

1. Стратегия "Казахстан-2050": новый политический курс состоявшегося государства Послание Президента Республики Казахстан - Лидера Нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана, г. Астана, 14 декабря 2012 года
2. Официальный сайт Казначейства Великобритании. URL: <<http://www.hm-treasury.gov.uk>> (дата обращения: 20.03.2018).
3. Закон РК «О государственном частном партнерстве» от 31 октября 2015 года
4. Салим Сакенов В Казахстане количество проектов ГЧП за год выросло в 7 раз // kursiv.kz
5. Satu.kz запустил возможность онлайн-оплаты // evo.business
Закон Украины «О государственном частном партнерстве» от 01 июля 2010 года

УДК 349.6

ГАЗДАНДЫРУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ

Зейнулла А.А.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Заң факультеті, «Құқықтану» мамандығының 3курс студенті, Астана қаласы, Қазақстан

trte.astana@mail.ru

Ғылыми жетекшісі – Кожахметова С.Г.

Қазақстанның барлық өңірлерін газдандыру үдерісі қолға алынғанлы көп уақыт болды, бірақ әлі де жетілдірілді деп айту күрделі. Әсіресе Астана, Бас қаламыздың соңғы кезде көк түтінге тұншығып кететіні жиі кездеседі, ең алдымен бұл ауаның ластануы ЖЭС қызметінен және екіншіден жеке сектордың тұрғын үйлерін жылыту мерзімімен байланысты.

Осынау маңызды мәселе, ең алдымен адамның денсаулығына зиян келтірмеу үшін де энергия көзінің бірі газбен алмастыру көзделген болатын.

Тарихи білетіміз, Целина аймағының астанасын газбен қамту 1963 жылдан бастау алады. Ресми деректерге байланысты газды қолдану ол тек уақытша энергия көзінің тапшылығынан шығу жолы деп есептелген [1]. Уақытша деп есептелген жол бірнеше онжылдыққа созылды, осыдан кейін 1990 жылы 17 тамыздан ҚазКСР министрлер кеңесінің жарлығы бойынша Целиноградте газдандыру саясаты ары қарай жалғасады және болашақта қала толығымен газға көшеді деп жоспарланған. Тәуелсіздік алғаннан бері бұл жоспар толығымен жүзеге асырылмады. Мысалы Батыс-Орталық-Солтүстік атты әйгілі жоспар бойынша орталық және солтүстік қазақстан аумақтары газбен Маңғыстаудың Бұхара-Орал газ құбыры арқылы қамтамасыз етіледі деп есептелген. Бұл жобаны «жер бетінде жатқан» деп атаған. Себебі Бұхара-Орал газ құбырына көбірек газ жіберіп және Целиноградқа алып келетін жол салу қажет болды. Ресейдегі «Қарталы» қысым жіберетін компрессорлық-

станция арқылы Толыбы мен Қостанайға дейін магистральді жол салынған ал орталық қазақстанға дейін тек жалғастыру қажеттілігі болды. Жоспарды бірнеше рет көптеген жағдайларға байланысты құбырлар диаметрінің, қажет қаражаттың мөлшері өзгеруі салдарынан қайтадан жазылып отырды. Соңында 2013 жылы бұл жоба бағасы жалпы мөлшерде 187 млрд теңгені құрады. Сол жылдардың курсы бойынша 1,2 млрд ақш долларын құрады. Соңында жобадан бастартты. Газдандыру – қатты отынның органикалық бөлігін жоғарғы температурада қыздыру арқасында жаңғыш газдарға айналдыру процесі.

Газ болмаған кезде отын ретінде қолға тиген кез келген заттар қолданылады. Ал бұндай әрекеттер өз кезегінде айналаның ластануына алып келеді. Халықаралық тәжірибеге сүйене отырып кезеңмен бірге қадам басып келеді. Жаңартылған энергия көзі ол болашақтың жолы. Еліміздің әрбір түпкірінде қол жетімді энергия көзі болу мемлекет мақсатында басымды орын алады. Сол себептен бұл бағытты ел басының жоспары бойынша іске асырылуы қажет.

Халықаралық тәжірибеге сәйкес газ энергиясы біріншіден экологиялық түрде зияны жоқ әрі арзан. Көршілес мемлекеттердің мемлекетін толығымен газдандыру жоспары жүргізіліп жатыр. Мысалы Түркменістан толығымен газ энергиясына көшті. Мемлекетке басты тиімділігі ол барлығына қол жетімді энергия беру. Бұл бағдарлама мемлекетте 90-шы жылдары әзірленіп қазіргі уақытта толық жүзеге асырылды. Газбен қамтамасыз етпестен бұрын отынның басты көзі ағаш болатын, заңсыз түрде сексеуіл және басқа да бұтақты ағаштардың шауып алыну жүзеге асырылды ал өз кезегінде бұндай әрекет ағаштың күрт азайуына алып келді. Ал қазір бұл қылмыстық кәсіп толығымен жоғалды, ағашқа деген сұраныс мүлдем жоғалды. Адамның барлық әрекеттері өзінің салдарын алып келеді. Түркменістанда экологиялық жағдайларға байланысты осыдан 15 жыл бұрын 150 ден астам жануар түрі, 109 дан астам өсімдік түрі жоғалу қауіпінде болды. Газдандыру бағдарламасы жүзеге асқаннан бері бұл көрсеткіштер айтарлықтай төмендеп 100 ге дейін жануарлар арасында және 90 нан астам өсімдіктерге дейін азайды [2].

Көршілес Ресей мемлекетінде де газдандыру саясатына толығымен көшпекші. Бірақта бұл жолда көптеген қиындықтар кездесуде. Газ шығару бойынша әлемде бірінші орын алатын мемлекет өз халқын толығымен газбен қамтамасыз ете алмайды деп премьер министр Дмитрий Медведев атап кеткен. Ол 2007 жылы газдандыруға байланысты компаниялар бірі «Газпром» директорлар төрағасы болған кезде алдағы он жыл арасында мемлекетті толық газдандыруға болады деп айтқан. Айтылған уақыт өтті, ал белгіленген жоспар іске аспады. Егер де 2007 жылы газбен қамту 50% ды құраса ал 2017 жылы 67,5 % құрады. Бұндай көрсеткіштердің басты себебі ол бұл сала бойынша инвестициялық қаражат бөліну көп мөлшерде емес әрі аталған «Газпром» және басқа да тәуелсіз компанияларға батыс елдермен жұмыс атқарған тиімдірек болып келеді. Мемлекет тарапынан жеңілдіктер жасалмайды соның арқасында экономикалық тиімділік те жоқ [3].

Елімізде газдандыру барлық мемлекет аумағын бір уақытта алмай, бірнеше фазадан өтеді. Ел басы тапсырмасы бойынша Сарыарқа магистральді газ құбырлары Қызылорда-Қарағанды-Жезқазған-Теміртау-Астана арқылы салыну жобалануда. 2018 жылдың шілдесіне дейін «КазТрансГаз» арнайы жобалық-сметалық құжаттама әзірлемек. Бұл жоба бойынша жауапты органдар белгіленген. Энергетика министрлігі, Қызылорда, Ақмола, Қарағанды облыстарының әкімшіліктері, «КазТрансГаз» жауапты орындаушылар болып бекітілді. Бұл жобаның енгізгі пайдасы ол тек қазақстан аумағы арқылы үшінші тараптардың қатысуынсыз өтеді. Екінші пайдалы жағы ол Астананы газбен қамту барысында 171 тұрғын мекен мен 1,7 млн астам адам газбен қамтылады. Бұл дегеніміз Қызылордадан Астанаға 1081 км газ құбырын салынады осы магистраль арқылы Кокшетауды газбен қамтиды, ал осыдан кейін үшінші кезекте Петропавлды газдандыру жоспарлануда және соңғы төртінші қадам болы Жезқазғанда және Теміртауда компрессорлық-станциялар салыну жоспарлануда. Бұның барлығына жалпы мөлшерде 436 млрд теңгені құрайды және 9,5 жыл уақыт қажете етеді деп болжануда. Магистральді газ құбырларын толтыру үшін және тұтынушыларға газды жеткізу үшін энергетика министрлігі газ тарату желілерінің құрылысын жылдамдатады. Бұл жоба

кезеңдермен әзірленетін болады. 2015 жылы ел басының Ұлыбританияға мемлекеттік сапар барысында Қазақстанның АҚ «КазТрансГаз» және Ұлыбританияның Independent Power Corporation PLC араларында өзара түсіністік меморандумына қол қойылды. Құжатта «Сарыарқа» магистральдік құбыр бойында төрт газ турбиналық электр станцияларын салынуын қарастырады. «КазТрансГаз» салынған инвестициялар арқасында ал оның жалпы мөлшері 3,1 млрд долларды құрайды, толығымен құрылыс барысын өз мойнына алмақ.

Газ экономикалық, экологиялық тұрғыда өте тиімді энергия көзі. Жаңартылатын энергия көздерінің басты артықшылығы ол жер қойнауынан алынбайды, табиғатқа келтіретін зияны жоқ және оңайрақ айтқанда таусылмайды. Әлемде газ қоры 22-ші ал ТДМ мемлекеттері бойынша Ресей мен Түркіменістаннан кейін үшінші орын аламыз. Қоршаған ортаға байланысты тек жер қойнауларынан өндіру кезінде ғана біршама зиян келтірілмесе басқа жақтарынан газды қолданғаннан кейін тек су мен көміртек қалады қоршаған ортаға келтіретін зияны мүлдем жоқ деуге болады. Бұл минералды ресурс дәстүрлі энергия түрлеріне балама ретінде қолдану қарқынды түрде жүріп жатыр. Автокөліктен бастап арнайы электр энергиясын шығаратын қозғалтқыштарға отын көзі.

Газбен қамтуды қазіргі таңда Елбасы қарқынды қолдауда. 2012 жылы 9 қаңтарында қабылданған «Газ және газбен қамту» заңнамасы бойынша мемлекетті газдандыру барысында ұстанатын нормалар мен қолдану аясы көрсетілген. Газ энергетикасын қолданудың құқықтық мәселелерді Қазақстан Республикасының «Газ және газбен қамту» Заңының 14 бабында көрсетілген. Баптың бірінші тармағына байланысты энергетикның тоқтаусыз қамтамасыз етуі үшін басымдылық құқық қарастырылған. Бұл құқық бойынша аласталған газбен қамтуға байланысты объектілерден газ алуға басқа жеке және заңды тұлғалар алдында басымдылық құқығы берілген. Ал, 15 бабына сәйкес жер қойнауындағы газ қорына Қазақстан Республикасының 2010 жылы 24 маусымдағы сәйкес басқа тұлғалар алдында жер қойнауын қолданушыдан газ алуға басымдылық құқыққа ие.

Мемлекеттің басымдылық құқығын жүзеге асыру әрекетін ұлттық оператор жүзеге асырады. Сату бағасын да жер қойнауынын қолданушы белгілейді. Бұл баға ішіне шикі газды жер қойнауынан алу барысында кеткен қаражат қосылады. Кеткен қаражатты есептеу халықаралық стандарттарға және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаражаттық есеп заңнамасы талабына сай жүргізіледі. Ұлттық оператормен алынған газ қолданысқа жіберердің алдында міндетті түрде уәкілетті органдардың сараптамасы мен бекітуі қажет. Көршілес Ресейде газдандыру Ресей Федерациясының «Газбен қамту» заңнамасының 17 бабында құқықтық негізі ол аймақ аралық және аймақтық тұрғын үй-коммуналдық мекемелерді газдандыру жоспары негізінде жүзеге асырылады. Ал қаражатты бөлу бағдарламасы федеративтік қаражат негізінде және басқа да Ресей заңнамасымен тиым салынбаған қаражат түрімен жүзеге асырылады.

Тұрғын үй, өнеркәсіп және басқа да ұйымдарды газдандыру бағдарламасын қаражаттандыруды жүзеге асыру үшін газды тасымалдаушы ұйымдарға арнайы тарифтік үстемелер қосылуы мүмкін. Үстеме қосылған жағдайларда атқарушы органдар қаражаттың өз мақсатында жұмсалғанын қадағалап отырады. Қазақстанда шығарылатын энергия көзінің 70% дан артығы көмір жағудан алынады, екінші орын газ жалғастырып келеді. Жылу беру маусымы басталған кезде әсіресе ірі қалаларда жеке тұрғын үйлерден бастап ірі жылу беру станцияларының себебінен ауа қатты ластанады, дем алу қиындап өкпе ауруларына алып келеді. Сондықтан да ешбір зиянсыз газбен жылу беру басты мақсат болып табылады. Мысалы 2018 жылы Алматы қаласында ЖЭС-1 толығымен газға көшу жұмыстары аяқталады. ЖЭС-1 көмірмен энергия қуатын шағаратын, ал жаңа технологиялар мен қаржылық салымдар арқасында толығымен газ энергиясына көшірілді [4].

«Жер қойнауы және жер қойнауларын қолдану» заңының (жаңа Кодекс заң күшіне енгенге дейін қолданыста) 85 бабына сәйкес бұндай кәсіпорындар газды жағудың арнайы тәсілі қарастырылған. Ал 86 бабынада мұнай-газ кен орындарында қазба жұмыстары арқылы өндіру кезінде кәсіпорындар міндетті түрде ілеспе газды да өңдеуі қажет. Егер де мемлекет

пен кәсіпорын арасында ілеспе газға байланысты келісім орнамаса ілеспе газ толығымен мемлекеттің меншігі болады.

Газ бағасын қою ол жылсайынғы өзгерістермен байланысты болады.«Газ және газдандыру» заңнамасының 20 бабына сәйкес газдың бағасын мемлекеттік реттеу әр жылы бірінші шілдеде әрбір облысқа және республикалық маңызы бар қалаларға әртүрлі баға мөлшері қойылады. Бұл экономилқақ және әлеуметтік жағдайға байланысты. Сонымен қоса әр тоқсан сайын газдың ең жоғарғы баға мөлшерін орнатады. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ұсынылған бес бастамасында газдандыру мәселесіне де арнайы тоқталды. Бесінші бастама бойынша орталық және солтүстік өңірлерді газдандыру мәселесі айтылды. Бұл аймақтарда ЖЭС тек көмір жағу арқылы электр энергиясын шығарады.

Осыған орай ауа ластануы да негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Астана қаласының ЖЭС газ энергетикасына ауыстыру да жоспарда. Бұл жоспар орындалған кезде жылына 651 000 тоннаға азырақ көмір жағылатын болады. Жеке секторға келетін болсақ жоспар бойынша көмірден көпшілік бастартып, газға көшетін болады. Бұның басты себебі ынғайлық. Әр күні көмірді жағып, тасымалдау әрекеттерін атқарудың қажеті жоқ. Бірақта әрине газ бағасы көмірге қарағанда қымбатырақ [5].

Газдандыру саясаты ол біріншіден еліміздің әрбір аймағын қолжетімді энергия көзімен қамтамасыз ету үшін жүргізіледі. Жасалып жатқан жұмыстар нәтижелері өте жоғарғы деңгейде. Бұл саясат көп жылдық болып мемлекет тарапынан белсенді әрекеттер жасалмаған жағдайда әліде жалғасар еді. Газдандыру аясатының жүрмеуіне кедергі келтіретін ешқандай факторлар жоқ. Мысалы Ресей мемлекеті өз аумағын толығымен газдандыру үшін бірнеше мәселе тұр. Оның бірі ол ауқымды аумағы. Негізгі халық мөлшері батыс, орталық және оңтүстікте орналасқан, ал солтүстік және шығыс өңірлерде халық тығыздығы азрак, бұл аймақтарға құбыр магистралын жеткізуге көп мөлшерде қаражат кетеді. Ал қолжетімді энергия көзін беру қажет. Тағы бір мәселе болып ол Ресейдің басты ірі компанияларының бірі «Газпром» өзі мемлекет төңірегін газдандыруға қарқынды әрекеттер жасамағанда, кіші компаниялар бұл жұмыспен мүлдем айналыспайды.

Қазақстанда сондықтан да энергияның кез келген саласының дамуы үшін мемлекеттің араласуы және де бәсекелестік қажет. Жеке кәсіпкерлер арасындағы газ энергетикасымен айналысатын жағдайда берілетін жеңілдіктер мөлшері артуы қажет. Осындай жағдайда мемлекет қолдауы және бәсекелестік болғанда даму қарқыны жылдамдайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Дубицкий А.Ф. Город на Ишиме // Алма-Ата, 1986 г. С.29
2. Закон Туркменистана о газе и газоснабжении // <http://www.turkmenistan.gov.tm/?id=4855>
3. Бобылева Т.А., Хрипунова А.С. Исследование проблемных вопросов газификации России и способов их решения // Вестник ГУУ. 2016. №7-8. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/issledovanie-problemnyh-voprosov-gazifikatsii-rossii-i-sposobov-ih-resheniya>.
4. Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы № 291-IV Заңы // <http://adilet.zan.kz/>
5. Газ және газбен қамту туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтарындағы № 532- IV Заңы // <http://adilet.zan.kz/>